

Лувр мұражайы



















PONIATOWSKI

- Париждегі Лувр — 300 000-нан аса экспонаты бар әлемдегі ең үлкен, әрі ең атақты мұражай. Лувр аумағы жағынан жолаушы тасымалдау құралдарының барлық түрі баратын, өз мейрамханалары, бағы, сауда галереясы бар Париж ортасындағы бір қалашық секілді. Ал Луврдың алдында орналасқан пирамида пішініндегі құрылыстың мұражайдың басты белгілерінің біріне айналуы Францияны 1981-1995 жылдары басқарған президент — Франсуа Морис Адриан Мари Миттеран (François Maurice Adrien Marie Mitterrand) есімімен байланысты. Аталған құрылысты президент Париж сәулет өнерінің тарихында есімін қалдырмақ мақсатында өзінің алдындағы президент Жорж Жан Раймон Помпидудың (Georges Jean Raymond Pompidou — 1969-1974 жылдары басшылық еткен кезеңінде Париж Қазіргі заманғы Өнер мұражайының негізін қалаушы, өнертанушы, әдебиеттанушы) іс-әрекетіне еліктеп салдырады деген пікір бар. Құрылыстың бас сәулетшісі, тегі қытай, Америка азаматы — И.М. Пей